

«СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ  
«ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА  
ПЕТРОПАВЛОВСКА»  
КОММУНАЛЬНОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ  
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ**  
**2024 ж 25.07.**  
Петропавл қаласы

**ПРИКАЗ**  
№ 195  
город Петропавловск

### «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы ағарту Министрлігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі хаты негізінде, балаларды есепке алуды және оқумен толық қамтуды тиісінше қамтамасыз ету, оқу жылының басына дайындық кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының директорларына:
  - 2024 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйек аралығында әлеуметтік осал отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мақсатында және балалардың 1 қыркүйекте әлеуметтік себептер бойынша мектепке бармауының алдын алуға бағытталған «Мектепке жол» акциясын өткізу;
  - «Мектепке жол» жалпымемлекеттік қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауды қолға алу;
  - педагогикалық ұжымдардың, қамқоршылық кеңестердің, ата-аналар қауымдастығының, құқық қорғау органдарының, денсаулық сақтау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің мектеп жасындағы балаларды есепке алу, 9-сынып түлектерін жұмысқа орналастыру және оларды оқытумен қамту бойынша бірлескен жұмысын ұйымдастыру;
  - бастауыш сынып оқушылардың, көп балалы отбасылардан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тамақтануына назар аударатырып, оқушылардың сабаққа қатысуын, оларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ерекше бақылауға алу;
  - акцияның өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша шаралар қабылдау;
  - мектеп жасындағы балаларды оқытумен қамту мәселесі бойынша педагогикалық кеңестер өткізу;
  - акцияны өткізу бойынша мектепте іс-шаралар жоспарын әзірлеу.
  - Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2024 жылғы 21 ақпандағы №41 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, **2024 жылғы 20**

**тамызға дейін** халықтың әлеуметтік осал топтарындағы отбасыларға біржолғы жәрдемақы төленсін.

Акцияның өту барысы туралы аралық ақпаратты білім бөліміне ағымдағы жылдың 4, 14, 23 тамыз және 4, 13, 24 қыркүйекке дейін [aliya.shotpayeva@sco.gov.kz](mailto:aliya.shotpayeva@sco.gov.kz) электронды поштасына жіберу қажет.

2024 жылдың 25 қыркүйегіне қарай білім бөліміне аналитикалық хатпен, фотоматериалдармен, БАҚ жарияланған мақала материалдарының кесінділерімен акцияны өткізу нәтижелері туралы қорытынды ақпарат ұсынылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Ә.Ш.Шотпаеваға жүктелсін.

Негіздеме: Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының 2024 жылғы 15 шілдедегі №870 бұйрығы.

**Басшы**



**Д. Ракишева**